

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Кешегі және бүгінгі «Абай» журналы

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/134879/

Кешегі және бүгінгі «Абай» журналы

«Абай» журналы 1918 жылдың февраль айынан сол жылы октябрь айына дейін Семей қаласында шығып тұрды. Барлығы 12 саны шықты. Журналдың ресми редакторы Ж.Аймауытов, екіншісі әдебиет майданына енді араласқан М.Әуезов.

«Абайды» шығаруды ең алғаш қолға алған, барлық ыстық суығына көнген, соңынан осы істері өздеріне соққы болып тиген қос азамат бұл басылымды кім үшін, не үшін шығарды? Алдарына қандай мақсат қойды деген сауалға Ж.Аймауытовтың «Журнал туралы» атты мақаласы толық жауап беретін сияқты.

«Абай» журналының бар болмысын, бағдарын Жүсіпбек Аймауытовтың «Ұлтты сүю», Мұхтар Әуезовтің «Өліп таусылу қаупі», Міржақып Дулатовтың «Алашқа» атты мақалалары арқылы толық тануға болады. «Абай» журналының бірінші бағдары – ұлтты сүю, екінші бағдары – өліп-таусылу қаупінен сақтандыру, яғни тілді, дінді, жерді сақтау. Үшінші бағдары – ұлтқа шынайы қызмет ету, жабырқағанда жанынан табылып, дұрыс жол көрсету. «Абай» бағдарының мықтылығы «Алаш» бағдарымен сабақтастығында, салаластығында. Алғашында «Абайды – қазығым» деп шығарған журналшылар, бір жыл ішінде журналды ұлт руханиятының алтын қазығына айналдырды. «Абайдың» редакторы журналдың болашағына үлкен сеніммен қараған еді. Алайда, басылымның 12 саны шыққан соң тоқтайды.

«Абай» журналында қазіргі газеттердегідей жарнама да жарияланып тұрған. Мақалалардың барлығы бүркеншік атпен беріліп отырған. Тіпті әдеби шығармалардың өзіне де автордың шын есімі көрсетілмеген. «Абай» журналы қазақ журналистикасында өз ізін қалдырған басылымдардың бірі деп атауға болады. Оған қарамастан, басылымның шығу тарихы, негізгі бағыты мен концепциясы жайлы іргелі ғылыми зерттеулер сирек кездеседі. «Абай» туралы біраз деректерді қазақ баспасөзін зерттеушілердің ғылыми мақалаларынан табуға болады. Бұл журналда Алаш зиялыларының ағарту бағытында түрлі мақалалары жарық көрді. Алғашқы саны 900 данамен шыққан. «Абай» журналының алғашқы сандары шамамен 16-21 беттен

тұратын. 2018 жылы «Абай» журналының шыққанына 100 жыл толады. Араға көп уақыт үзіліс салып, «Абай» журналының жалғасы тәуелсіздік алғаннан кейін қайтадан оқырманға жол тартты. 25 жыл бойы тұрақты шығуда.

Сөйтіп «Абай журналыны 1918жылдың аяқ шеніне қарай біржола жабылды.Оған себеп ,Семейде большевиктердің билік басына келіп,«Алаш орда »үкіметінің құлауы.

Жаңа Қазақстандағы Абай журналы:

«Журналдың атын «Абай» қойған соң әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз: Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген сөздерді терең ойлап тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң журналды Абайға арнағандық, Абайды қай жәннен болсын ұстаз қылып, бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан жүруге талаптанғандығын көрсетеді», деген екен. Журнал бар-жоғы 9 ай ғана шығып, 12 саны оқырман қолына тиген. Кеңестік идеология «ұлтшыл» деген айдар тағып, журналдың шығуына тыйым салады. Аз уақыт ішінде оқырман көзайымына айналған журнал қазақ өмірінің, тыныс-тіршілігінің небір өзекті мәселелерін қозғаған. Жөнсіз жаламен жабылып қалған «Абай» журналы араға 74 жыл салып 1992 жылы еліміз егемендік алған соң қайта жарық көрді. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына дайындық ерте, 5 жыл бұрын басталды. Әр облыс өз бағдарламасын ұсынып, тойға қызу дайындық басталып кетеді. Сол кезде «Семей таңы» газетінің редакторы, жазушы Р.Мусин әріптестерімен ақылдасып, «Абай» журналын еске алып, соны қайта жаңғыртса деген ой салады. Журналды қайта жаңғырту бастамасын көтерген «Семей таңы» газетінің ардагерлері екенін жұртшылықтың білгені абзал. Қайта дүниеге келген журналдың бас редакторы танымал жазушы Рысхан Мусин еді. Егемендіктің алғашқы жылдары ауыр болғаны мәлім. Тіптен журналға қайта жабылып қалу қаупі төнгені де рас. Әйтсе де 1994 жылы көктемде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Семейге келген сапары журналдың тағдырын түбегейлі шешіп кетті. Президенттің нұсқауымен журналға республикалық мәртебе беріліп, республикалық бюджетке алынды .Елбасымыздың «Рухани жағыру» бағдарламасы аясында А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында Абай» журналына - 100 жыл» атты әдеби кеш өткізілді.

Қорытынды шығара келе,біз үшін газет ,журналдардың маңызы өте зор .Олардың шығу тарихтарын,атының неге олай аталғандарын,бәрін -бәрін білуіміз керек .Бәрінен хабардар болуымыз керек .«Абай»журналы Абай өмірден өткеніне он жыл толуына орай қазақ зиялылары жаңа басылым шығаруды жоспарлаған екен. Бірақ әртүрлі себептермен кейінге қалдырылып отырған. Ең басты себебі 1914 жылы басталған дүниежүзілік соғыс болса керек.

Міне, «Абай» журналының Абайға арналып шығарылған журнал екеніне хабардар болдық.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің 1курс студенті : Сапарбекқызы Жақсыгүл

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.